

**Факультет/Жоғары мектеп деканы біліктілігіне қойылатын талаптар:** жоғары кәсіби (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білімі, ғылыми дәрежесінің немесе PhD докторы (философия докторы) дәрежесінің болуы, білім беру ұйымдарындағы басшылық лауазымдардағы еңбек өтілі кемінде 3 жыл болуы тиіс. Соңғы 3 жылда білім беру менеджменті бойынша біліктілікті арттыру курстарынан өткені туралы сертификаттың (куәліктің) болуы.

**Факультет/Жоғары мектеп декан орынбасары біліктілігіне қойылатын талаптар:** жоғары кәсіби (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білімі, ғылыми дәрежесінің немесе магистр дәрежесінің болуы, білім саласында кемінде 3 жыл еңбек өтілі болуы тиіс. Соңғы 3 жылда біліктілікті арттыру нысандарының бірінің болуы.

**Кафедра меңгерушісі (Әскери кафедра бастығы) біліктілігіне қойылатын талаптар:** кафедра меңгерушісінің жоғары кәсіби (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білімі, ғылыми дәрежесі, білім беру ұйымдарында кемінде 5 жыл еңбек өтілі болуы тиіс. Соңғы 3 жылда БББ бойынша немесе білім менеджменті бойынша біліктілікті арттыру курстарынан өткендігі туралы сертификаттың (куәліктің) болуы;

әскери кафедра бастығының жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білімі, ғылыми дәрежесі және/немесе аға офицерлік құрамның әскери атағы, педагогикалық қызметкерлер немесе әскери бөлім командирінің орынбасарынан және одан жоғары басшы құрам лауазымдарында кемінде 3 жыл еңбек өтілі болуы тиіс.

**Кафедраның профессор-зерттеушісі біліктілігіне қойылатын талаптар:** жоғары кәсіптік (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білімі, ғылыми дәрежесінің немесе PhD докторы (философия докторы) дәрежесінің, ғылыми атағының немесе қауымдастырылған профессор (доцент) атағының болуы және ғылыми-педагогикалық қызметте кемінде 5 жыл жұмыс стажы болуы тиіс. Соңғы 3 жылда БББ бойынша немесе оқытылатын пән бейіні бойынша біліктілікті арттыру курстарынан өткені туралы сертификаттың (куәліктің) болуы. Халықаралық дәйексөз базаларына кіретін шетелдік журналдардағы жарияланымдар саны жыл сайын, халықаралық рецензияланатын, Clarivate Analytics компаниясының Journal Citation Reports деректері бойынша 1 және 2 квартильге кіретін немесе Scopus деректер базасында CiteScore бойынша бір немесе бірнеше ғылыми салалар бойынша кемінде 50 перцентиль көрсеткіші бар ғылыми журналдарда кемінде **екі** бірлік болуы тиіс. Хирш индексінің (Hi) 5-тен көп болуы.

Магистранттар мен докторанттардың ғылыми-зерттеу және шығармашылық жұмыстарына басшылық жасау, диссертацияларын қорғаған Phd докторанттарының, ғылым кандидаттары мен докторларының болуы. Соңғы 5 жылдағы гранттық ғылыми зерттеулерді басқару және/немесе орындау.

**Кафедраның профессоры біліктілігіне қойылатын талаптар:** жоғары кәсіптік (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білімі, ғылыми дәрежесінің немесе PhD докторы (философия докторы) дәрежесінің, ғылыми атағының немесе қауымдастырылған профессор (доцент) атағының болуы және ғылыми-педагогикалық қызметте кемінде 5 жыл еңбек өтілі болуы тиіс. Соңғы 3 жылда БББ бойынша немесе оқытылатын пән бейіні бойынша біліктілікті арттыру курстарынан өткені туралы сертификаттың (куәліктің) болуы. Соңғы 5 жылда Clarivate Analytics компаниясының Journal Citation Reports деректері бойынша 1 және 2 квартильге кіретін немесе Scopus дерекқорында бір немесе бірнеше ғылыми сала бойынша Cite Score бойынша перцентиль көрсеткіші кемінде 50 болатын халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдарда жарияланымдарының болуы. Соңғы 3 жылда Хирш индексінің (Hi) болуы. Магистранттар мен докторанттардың ғылыми-зерттеу және шығармашылық жұмысын басқару.

Өнер, мәдениет, спорт және әскери даярлық саласында, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы немесе қауымдастырылған профессор (доцент) атағы болған кезде:

- «Дене шынықтыру және спорт» білім беру бағдарламалары тобы үшін – «Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген жаттықтырушысы», «Қазақстан Республикасының халықаралық дәрежедегі спорт шебері» спорттық атақтарының болуы;

- «Өнер» білім беру бағдарламалары тобы үшін-«Қазақстан Республикасының Халық әртісі» немесе «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» құрметті атақтарының болуы;
- «Бастапқы әскери дайындық» білім беру бағдарламалары тобы үшін-подполковниктен төмен емес әскери (арнаулы) атақтың болуы.

**Кафедраның доцент-зерттеушісі біліктілігіне қойылатын талаптар:** : жоғары кәсіптік (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білімі, ғылыми дәрежесінің немесе PhD докторы (философия докторы) дәрежесінің болуы, ғылыми-педагогикалық қызметте кемінде 5 жыл еңбек өтілі болуы тиіс. Соңғы 3 жылда БББ бойынша немесе оқытылатын пән бейіні бойынша біліктілікті арттыру курстарынан өткені туралы сертификаттың (куәліктің) болуы. Халықаралық дәйексөз базаларына кіретін шетелдік журналдардағы жарияланымдардың саны жылына кемінде **бір** бірлік, халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдарда немесе Scopus дерекқорында бір немесе бірнеше ғылыми салалар бойынша Cite Score бойынша процентиль көрсеткіші кемінде 35 болуы тиіс. Хирш индексінің (Hi) 3-тен көп болуы.

Магистранттар мен докторанттардың ғылыми-зерттеу және шығармашылық жұмыстарына басшылық жасау, диссертация қорғаған магистранттар мен Phd докторанттарының болуы. Соңғы 7 жылдағы гранттық ғылыми зерттеулерді басқару және/немесе орындау.

**Кафедраның доценті біліктілігіне қойылатын талаптар:** жоғары кәсіптік (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білімі, ғылыми дәрежесінің немесе PhD (философия докторы) дәрежесінің, ғылыми-педагогикалық қызметте еңбек өтілі 5 жылдан кем емес болуы. Соңғы 3 жылда БББ бойынша немесе оқытылатын пән бейіні бойынша біліктілікті арттыру курстарынан өткені туралы сертификаттың (куәліктің) болуы. Соңғы 5 жылда халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдарда немесе Scopus деректер базасында бір немесе бірнеше ғылыми сала бойынша Cite Score бойынша процентиль көрсеткіші 25-тен кем емес жарияланымдардың болуы.

Өнер, мәдениет, спорт және әскери даярлық саласында ғылыми дәрежесі немесе PhD (философия докторы) дәрежесі болмаған жағдайда:

- "Дене шынықтыру және спорт" білім беру бағдарламалары тобы үшін - "Еңбек сіңірген спорт шебері", "Қазақстан Республикасының спорт шебері" спорттық атақтарының, "Дене шынықтыру мен спортты дамытуға қосқан үлесі үшін" және "Құрметті спорт қызметкері" төсбелгілерінің болуы;

- "Өнер" білім беру бағдарламалары тобы үшін - "Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген әртісі" немесе "Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген мәдениет қайраткері" құрметті атақтарының болуы, "Мәдениет саласының үздігі" төсбелгісінің болуы;

- "Бастапқы әскери дайындық" білім беру бағдарламалары тобы үшін-майордан төмен емес әскери (арнаулы) атағының болуы.

**Кафедраның аға оқытушысы біліктілігіне қойылатын талаптар:** жоғары кәсіби білімі (маман) және / немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білімі, ғылыми-педагогикалық қызметтегі еңбек өтілі 3 жылдан кем болмауы немесе БББ бойынша (қызмет бейіні) тәжірибелік еңбек өтілі кем дегенде 3 жыл болуы немесе ғылыми дәрежесінің немесе PhD (философия докторы) дәрежесінің болуы тиіс.

**Кафедра оқытушысы біліктілігіне қойылатын талаптар:** жоғары кәсіби білімі (маман) және / немесе ғылыми-педагогикалық бейіндегі магистр дәрежесінің болуы.